

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ
TABYS МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

Осы Tabys мобильді қосымшасының құпиялылық саясатында («Құпиялылық саясаты» және «Қосымша», тиісінше) Сіз Қосымшаға қолжетімділік алған және оны пайдаланған кезде сіздің Дербес деректеріңізді жинауға және өңдеуге қатысты процедуралар мен қағидалар бар. Клиенттік келісіммен және Қосымшаға қатысты қызметтер көрсету шарттарымен бірге сіздің осы Құпиялылық саясатымен мұқият танысып шығуыңыз керек. Осы Құпиялылық саясатын қабылдай отырып, сіз АІХ FM және/немесе оның кез келген үлестес тұлғаларының, директорларының, қызметкерлерінің, агенттерінің, мердігерлерінің және қызметтер

жеткізушілерінің сіздің Дербес деректеріңізді осы Құпиялылық саясатына сәйкес жинауына және өңдеуіне келісесіз.

АНЫҚТАМАЛАР

Осы Құпиялылық саясатында өзге анықталмаса, осы Құпиялылық саясатында пайдаланылатын, бірақ анықталмаған терминдер Қызметтер көрсету шарттарындағыдай мәндерге ие. «**AIX FM**», «**біз**», «**бізді**» және «**біздің**» AIX FM мен бүкіл Қосымшаның немесе оның бөлігінің жұмысын қамтамасыз ету үшін біз тағайындаған кез келген агенттерді білдіреді;

«**өңдеу жүргізу**», «**өңдеу**» Дербес деректерге қатысты автоматты құралдардың пайдалануына байланыссыз, Дербес деректермен қандай да бір операцияларды орындауды немесе операциялардың жинағын білдіреді және Дербес деректерді жинауды, жазуды, ұйымдастыруды, сақтауды, бейімдеуді немесе өзгертуді, алуды, пайдалануды, табыстау, тарату немесе өзге түрде ұсыну жолымен ашуды, келісуді немесе біріктіруді, бұғаттауды, өшіруді немесе жоюды білдіреді;

«**Сіз**», «**сіздің**» және «**сіздердің**» Қосымшаны жүктеген және оны пайдаланатын жеке тұлғаны білдіреді.

ЖИНАЛАТЫН ДЕРЕКТЕРДІҢ ТИПТЕРІ

Дербес деректер

Қосымшаны жән оның қызметтерін пайдаланған кезде біз сізден белгілі бір жеке мәліметтерді, өзгелерден басқа, сіздің толық аты-жөніңізді, ұлтыңызды, тұратын жеріңізді, электрондық поштаңыздың мекенжайын, басқа да жеке байланыс деректеріңізді (телефон нөмірі мен пошталық мекенжайды қоса), лауазымыңызды, жұмыс беруші туралы мәліметтерді, туған күніңізді, қаржылық ақпаратты, банк шоты/карта деректерін, сіздің фотосуретіңізді, сіздің ұлттық сәйкестендіру құжатыңызды, отбасылық жағдайыңызды, сонымен қатар төменде анықталғандай Пайдалану туралы деректерді, Құрылғы туралы деректерді және Орналасқан жер туралы деректерді («**Дербес деректер**») бізге беруіңізді сұрауымыз мүмкін.

Пайдалану туралы деректер

Біз сонымен қатар сіздің Қосымшаға қашан кіретініңіз, қашан қолжетімділік алатыныңыз және трафик деректерін, регистрлерді және байланыстың басқа да деректерін қоса, оны Құрылғы көмегімен немесе ол арқылы қашан пайдаланатыныңыз, сонымен қатар біздің Қосымшамыздың сіз қолжетімділік алған және сіз пайдаланатын мәзірі, сіздің кірген уақытыңыз бен күніңіз, сіз осы мәзірде өткізген уақытыңыз туралы ақпарат жинауды жүзеге асыруымыз мүмкін («**Пайдалану туралы деректер**»)..

Құрылғы туралы деректер

Біз сіздің мобильді құрылғыңыз және Интернетке қосылысыңыз туралы, мысалы, сіздің құрылғыңыздың IP-мекенжайын («**IP-мекенжай**»), Қосымшаның нұсқасын, құрылғының операциялық жүйесін, мобильді желі туралы ақпаратты, құрылғының тедефон нөмірі мен басқа да диагностикалық деректерді қоса, ақпарат жинауды жүзеге асыруымыз мүмкін («**Құрылғы туралы деректер**»)..

Орналасқан жер туралы деректер

Егер сіз бізге рұқсат берсеңіз, біз сіздің орналасқан жеріңіз туралы ақпаратты пайдалана және сақтай аламыз («**Орналасқан жер туралы деректер**»). Біз бұл деректерді біздің Қосымшамыздың функцияларын іске асыру үшін, сонымен қатар оны жақсарту және дербестендіру үшін пайдаланамыз. Сіз біздің Қосымшаны пайдаланған кезде орналасқан жерді анықтау қызметін кез келген уақытта Сіздің құрылғыңыздың баптауларында ағытып тастай аласыз.

Пайдаланушының іс-әрекеттерін қадағалау технологиялары

Біз қадағалау технологияларын біздің Қосымшамыздағы белсенділікті қадағалау және белгілі бір ақпаратты сақтау үшін пайдаланамыз. Хабарлағыш, тегтер және скриптер сияқты қадағалау технологиялары ақпарат жинау және қадағалау үшін, сонымен қатар біздің Қосымшамызды жақсарту және талдау үшін пайдаанылады.

Бөгде өнім берушілердің ақпарат жинауы

Қосымша бөгде өнім берушілердің қызметтерін пайдаланды, олар Дербес деректерді біздің Қосымшамызға қызметтер көрсету және оның жұмысын қамтамасыз ету, оның контентін және сіз бізден сұрайтын кез келген ақпаратты, өнімдерді немесе қызметтерді қамтамасыз ету үшін жинай алады. Сіз кейбір бөгде өнім берушілердің құпиялылық саясатымен мына гиперсілтемелер бойынша өтіп танысуларыңызға болады:

- [Google Play Services](#)
- [AppsFlyer](#)
- [Jiguang](#)

Біз бөгде өнім берушілердің құпиялылық саясаттарының толықтығы мен орындалуы немесе олардың Дербес деректеге қатысты кез келген міндеттемелерінің орындалуы үшін жауап бермейміз.

ДЕРЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

AIX FM және/немесе оның кез келген үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, агенттері, мердігерлері мен қызметтерді жеткізушілері төменде көрсетілгендей әртүрлі мақсаттар үшін жиналған Дербес деректерді өңдеуді жүзеге асырады:

- біздің Қосымшамызға қызметтер көрсету және оның жұмысын қамтамасыз ету, оның контентін және сіз бізден сұрайтын кез келген ақпаратты, өнімдерді немесе қызметтерді қамтамасыз ету үшін;
- Қосымшадағы, біздің көрсететін қызметтеріміздегі және сіздің профиіңіздегі өзгерістер туралы сізге хабарлау үшін;
- Клиенттік қолдау көрсету үшін;
- Біз Қосымшаны жақсарту алуымыз үшін талдау немесе құнды ақпарат жинау үшін;
- Қосымшаны пайдалану дәрежесін мониторингтеу үшін;
- Техникалық проблемаларды табу, оларды болдырмау және шешу үшін;
- сіздің профиіңізге қызмет көрсету және оны қорғау үшін;
- нормативтік-құқықтық талаптарды (соның ішінде құжаттаманы жүргізуге және бөгде бағдарламалық жасақтама арқылы ақша жылыстату мәселелері бойынша тексерістер жүргізуге қойылатын талаптарды) сақтау үшін;
- қажет болғанда, реттеу органының, полицияның немесе басқа да мемлекеттік органның, ол АХҚО юрисдикциясында болса да немесе Қазақстан Республикасының юрисдикциясында болса да, ресми сұранымын орынлау үшін.

Деректерді қорғау туралы АХҚО қағидаларына сәйкес Дербес деректерді өңдеу үшін құқықтық негіз

Осы Құпиялылық саясатында сипатталған Дербес деректерді жинаудың және өңдеудің құқықтық негізі біз жинайтын Дербес деректерге және біз оларды жинайтын нақты мәнмәтінге байланысты.

AIX FM және/немесе оның кез келген үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, агенттері, мердігерлері мен қызметтерді жеткізушілері сіздің Дербес деректеріңізді өңдеуді жүзеге асыра алады, өйткені:

- осы арқылы сіз бұған өзіңіздің айқын және саналы келісімізді бересіз;
- өңдеу біздің заңды мүдделерімізге жауап береді және сіздің құқықтарыңызды бұзбайды;
- бізге қатысты барлық заңгерлік міндеттемелерді сақтауға біз міндеттіміз.

СІЗДІҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІҢІЗ БЕН КЕПІЛДЕРІҢІЗ

Құпиялылық саясатын қабылдай отырып, сіз мыналарды мәлімдейсіз және оларды кепілдендіресіз:

- сіз бізге осы саясатта жазылған мақсаттар үшін және қағидаларға сәйкес сіздің Дербес деректеріңізді жинауға және өңдеуге өзіңіздің айқын және саналы келісімізді бересіз;
- егер сіздің Дербес деректеріңіз АХҚО-да қолданылатын деректерді қорғау туралы заңдар тұрғысынан деректерді қорғаудың сәйкесті деңгейі көзделмеген елдерге немесе аумақтарға берілсе, біз деректерді берудің АХҚО-ның Деректерді қорғау туралы ережелері мен Деректерді қорғау қағидалары талап ететіндей тиісті механизмдерін ендіруге тиіс болуымыз шартымен («**Деректерді қорғау туралы заңдар**»), біз сіздің Дербес деректеріңізді осы саясатта жазылған мақсаттар үшін сақтай, бере немесе аша аламыз немесе үшінші тараптарға осындай Дербес деректерді кәсіби немесе өзге қызметтер көрсету кезінде біздің атымыздан немесе өзге түрде әр жағдайда сіз әлемнің қай жерінде болсаңыз да өңдеу үшін бере аламыз;
- сіз тиісті растау құжаттарын беріп, өзіңіздің Дербес деректеріңіздегі кез келген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы кідіріссіз хабарлайсыз.

ДЕРЕКТЕРДІ САҚТАУ

Біз сіздің Дербес деректеріңізді осы Құпиялылық саясатында жазылған мақсаттар үшін қажет болған уақытқа ғана сақтаймыз. Біз сіздің Дербес деректеріңізді біздің заңгерлік міндеттемелерімізді сақтау үшін (мысалы, егер біз қолданыстағы заңнамаға сәйкес сіздің деректеріңізді сақтауға міндетті болсақ), дауларды шешу үшін және біздің заңгерлік келісімдеріміз бен міндетті процедураларымызды сақтауды қамтамасыз ету үшін қажет шамада сақтайтын және пайдаланатын боламыз.

Біз сонымен қатар Пайдалану туралы деректерді ішкі талдама үшін сақтайтын боламыз. Пайдалану туралы деректер бұл деректер қауіпсіздікті күшейту және Қосымшаның функцияларын жақсарту үшін пайдаланылатын немесе біз бұл деректерді анағұрлым ұзағырақ уақыт кезеңі бой сақтауға заңгерлік тұрғыдан міндетті болатын жағдайларды қоспағанда, әдетте анағұрлым қысқа уақыт кезеңі ішінде сақталады.

ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Сіздің Дербес деректеріңізді сақтау үшін тиісті құралдарды пайдалануға барлық мүмкіндіктерді жасауымызға қарамастан, біз электрондық сақтаумен, сонымен қатар интернетте сақтаумен байланысты жалпы тәуекелдердан шыға отырып, олардың абсолютті қауіпсіздігін кепілдендіре алмаймыз.

Бізге берген кез келген Дербес деректерге қолжетімділік сұрау, оларды түзету, өзгерту немесе жою үшін сіз tabys@tabysapp.kz мекенжайы бойынша бізге электрондық хат жолдай аласыз. Біз сіздің Дербес деректеріңізді сіздің профилиңізді жою жолымен жойғаннан басқаша жоя алмаймыз. Біз сіздің ақпаратты өзгерту немесе жою туралы сұранымыңызды қанағаттандыра алмаймыз, егер мұндай өзгерту немесе жою қандай да бір заңды бұзса немесе бұрыс ақпаратқа әкелсе.

Белгілі бір мән-жайларда, егер Дербес деректерді өңдеу Деректерді қорғау туралы заңға қайшы келсе, деректерді қорғау үшін сіздің мынадай құқықтарыңыз бар:

- a. **Түзетуге құқық.** Сіз өзіңіздің Дербес деректеріңізді өзгертуге құқыңыз бар, егер олардағы ақпарат дұрыс емес немесе толық емес болса.
- b. **Наразылық білдіру құқығы.** Сіздің өзіңіздің Дербес деректеріңізді біздің пайдалануымыз және өңдеуіміз фактісіне наразылық білдіруге құқыңыз бар.
- c. **Бұғаттау құқығы.** Сіздің бізден өзіңіздің Дербес деректеріңізді бұғаттауды талап етуге құқыңыз бар.
- d. **Келісімді қайтарып алу құқығы.** Сіздің өзіңіздің Дербес деректеріңізді пайдалануға немесе өңдеуге берген келісіміңізді кез келген уақытта осы құжатта жазылған ережелерге сәйкес қайтырып алуға құқыңыз бар.
- e. **Жою құқығы.** Сіздің өзіңіздің Дербес деректеріңізді біздің Қосымшамыздан біздің жоюымызды талап етуге құқыңыз бар.

Мұндай сұрауларға жауап бермес бұрын, сізден жеке тұлғаңызды растауды сұрауымыз мүмкін екендігіне назар аударыңыз.

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫН ӨЗГЕРТУ

Заңнамадағы немесе озық іс-тәжірибедегі өзгерістерді немесе біз ендіретін қосымша функцияларды көрсету үшін біз уақыт өткен сайын біздің Құпиялылық саясатымызға өзгерістер енгізіп отыруымыз мүмкін.

Біз кез келген өзгерістер туралы сіздерге электрондық поштамен және/немесе біздің Қосымшамызда хабарлау арқылы және/немесе басқа да электрондық құралдар арқылы хабарлауға тырысамыз.

Сізге осы Құпиялылық саясатын өзгерістерге қатысты кезең-кезеңмен қарап отыруды ұсынамыз. Осы Құпиялылық саясатындағы өзгерістер олар Қосымша арқылы жарияланғанда күшіне енеді. Егер сіз осы Қосымшаны пайдалануды жалғастыратын болсаңыз, сіз бұл өзгерістермен келісесіз деп саналады. Егер сіз мұндай өзгерістермен келіспейтін болсаңыз, сіз Қосымшаны дереу алып тастап, оны пайдалануды тоқтауға тиіссіз.

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢНАМА, ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЖӘНЕ ТІЛДЕР

Осы Құпиялылық саясаты АХҚО-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі, ал сіз бен біздің арамызда осы Құпиялылық саясатына сәйкес немесе онымен байланысты туындайтын кез келген дау АХҚО Сотында АХҚО Қағидалары мен Ережелеріне сәйкес шешіледі.

Егер осы Құпиялылық саясатының қандай да бір ережесі (немесе ережесінің бөлігі) қандай да бір сотпен немесе құзыретті юрисдикцияның әкімшілік органымен жарамсыз, орындауға

келмейтін немесе заңсыз деп танылатын болса, мұндай шарт немесе жағдай қолданылуы заңмен рұқсат етілген максималды дәрежеде жалғастырылатын басқа шарттар мен жағдайлардан бөлектетілетін болады.

Осы Құпиялылық саясатының түпнұсқасы орыс тілінде құрастырылды. Егер ол кез келген басқа тілге аударылған болса, орын тіліндегі мәтін басымды күшке ие.

БІЗДІҢ БАЙЛАНЫСТАРЫМЫЗ

Егер сіздің осы Құпиялылық саясаты жөнінде қандай да бір сұрақтарыңыз бар болса, сіз tabys@tabysapp.kz электрондық поштасы бойынша біздермен хабарласа аласыз.